KASE

# АПТАЛЫҒЫ

**06 – 10 қараша 2023**



## KASE ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- KASE ресми тізіміне "Бәйтерек" ҰБХ" АҚ KZ2C00010304 (BTRKb9) облигациялары, "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ KZ2C00010346 (BRKZb36) және KZ2C00010379 (BRKZb37) облигациялары, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ KZ2C00010338 (IDFRb5) облигациялары және Жамбыл облысы әкімдігінің KZMJ00001683 (DZK024_168) облигациялары енгізілді.
- Айналым мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен "Қазақстандық орнықтылық қоры" АҚ KZ2C00008704 (KFUSb40), "Орталық Азия электр энергетикалық корпорациясы" АҚ KZ2C00002426 (CAEPb1), "ЮНИКРЕДО" МҚҰ" ЖШС KZ2P00008071 (MFUCb1), "ҚазАгроҚаржы" АҚ KZ2C00003747 (KAFIb7), "Swiss Capital (Свисс Капитал)" МҚҰ" ЖШС KZ2P00007826 (MFSCb2) және АҚШ Қаржы министрлігінің US912797FJ15 (US_66_2311) халы"First Heartland Jusan Invest" АҚ-на "KEGOC" АҚ-ның KZ1C00000959 (KEGC) жай акциялары бойынша KASE-де маркет-мейкер мәртебесі берілді.
- қаралық облигациялары облигациялары алынып тасталды.

## ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР

- KASE-дегі "KEGOC" АҚ KZ1C00000959 (KEGC) жай акцияларының жария ұсынысының нәтижелері
- Қазақстан Қаржы министрлігі KASE-де 20,7 млн МЕУКАМ-144 тоғызыншы шығарылымын (KZKD00001178, MUM144_0009) орналастырды
- "RG Brands Kazakhstan" ЖШС KASE-де KZ2P00009970 (RGBKb2) облигацияларын орналастыру арқылы 9,3 млрд теңге тартты.
- "Ел Орда Арнау" ЖШС KASE-де KZ2P00009996 (EOARb1) облигацияларын орналастыру арқылы 1,5 млрд теңге тартты.
- "Алтын Сапа ALM" ЖШС KASE-де KZ2P00009962 (ALSPb1) облигацияларын орналастыру арқылы 1,0 млрд теңге тартты.
- "Қазақстандық тұрақтылық қоры" АҚ KASE-де KZ2C00009454 (KFUSb53) облигацияларын орналастыру арқылы 4,9 млрд теңге тартты.
- "Halyk Finance" АҚ, "SkyBridge Invest" АҚ, "Фридом Финанс" АҚ, "BCC Invest" АҚ және "Jusan Invest" АҚ SPO шеңберінде "KEGOC" АҚ-ның KZ1C00000959 (KEGC) жай акцияларының жария ұсынымын өткізу қорытындылары туралы хабарлайды.
- "Отбасы банкі" тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ Moody's банк рейтингтерінің расталғаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- "Банк ЦентрКредит" АҚ Moody's агенттігі банктің рейтингін жоғарылатқаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- "First Heartland Jusan Bank "АҚ Moody's агенттігің банктің рейтингін жоғарылатқаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ Moody's агенттігі қордың рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры "АҚ S&P агенттігінің Қордың рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Батыс транзит" АҚ S&P агенттігі қоғамның рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Тұрақты".
- "Қазақстандық тұрғын үй компаниясы" АҚ Moody's агенттігі компанияның рейтингтерін растағаны туралы хабарлады, болжам "Позитивті".
- АНОНС: 20 қарашада "Қазақстан Халық Банкі" АҚ-ның 2023 жылдың тоғыз айы мен үшінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін жариялау жөніндегі конференциясы өтеді.
- "Bass Gold" ЖШС "Үшшоқы" кен орнын игеру бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы хабарлайды.
- "RETAM" ИЖМҚ" АҚ 2023 жылдың үшінші тоқсанында артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төледі.
- "First Heartland Jusan Invest" АҚ 2023 жылдың екінші және үшінші тоқсандары үшін "allGA" ИИПҚ KZPF00000132 (FHJIag) пайларын ұстаушыларына дивидендтер төленгені туралы хабарлады.
- Freedom Holding Corp. 2024 фискалдық жылдың екінші тоқсанындағы қаржылық нәтижелерін ұсынады.
- "Қазақстан Халық Банкі" АҚ "Халық Банк Қырғызстан" ААҚ акцияларының 100 % сату бойынша уағдаластыққа қол жеткізілгені туралы хабарлады.

| 10.11.2023 | | Трендтер (%) | |
|---|---|---|---|
| KASE Индексі | 4 060,56 | 0,1 | -0,3 |
| **Өтімділіктің бірінші сыныбы** | **Бағасы** | **Δ 7к** | **Δ 1а** |
| | | ТРЕНДЫ | |
| Apple Inc. | 182,00 | 5,4 | 2,7 |
| АО "Казахтелеком" | 32 494,97 | 4,2 | -6,9 |
| АО "Банк ЦентрКредит" | 890,98 | 3,0 | 22,7 |
| The Coca-Cola Company | 61,00 | 1,7 | 1,5 |
| AT&T Inc. | 15,85 | 1,0 | 7,7 |
| АО "Национальная компания "КазМунай | 11 355,00 | 0,8 | -3,7 |
| АО "ForteBank" | 3,78 | 0,5 | 4,7 |
| Intel Corporation | 37,71 | 0,4 | 4,3 |
| АО Kaspi.kz | 45 625,00 | 0,3 | 0,2 |
| АО "Народный Банк Казахстана" | 149,90 | 0,2 | -0,5 |
| АО "KM GOLD" | 120,00 | - | 0,8 |
| АО "Кселл" | 1 950,99 | -0,1 | -0,1 |
| Freedom Holding Corp. | 81,97 | -0,1 | -3,3 |
| AltynGold plc | 720,00 | -0,3 | -1,0 |
| АО "КазТрансОйл" | 863,15 | -0,3 | 1,5 |
| АО "ЛОТТЕ Рахат" | 13 949,99 | -0,4 | 0,9 |
| Bank of America Corporation | 27,50 | -0,7 | 3,7 |
| PayPal Holdings Inc. | 54,59 | -0,7 | -11,1 |
| АО "БАСТ" | 6 320,00 | -1,2 | -2,8 |
| Tesla, Inc. | 226,00 | -1,3 | -11,3 |
| АО "НАК "Казатомпром"" | 18 102,05 | -2,5 | -2,1 |
| Pfizer Inc. | 30,00 | -3,2 | -10,1 |
| АО "KEGOC" | 1 500,00 | -4,2 | 0,1 |

*Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген*

**KASE Индексінің акциялары**




**Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер үлесі**




Өткен аптада KASE Индексі іс жүзінде өзгерген жоқ. Жұма күнгі сауда-саттық сессиясының соңында нарық 4 060,56 тармақ белгісінде жабылып, аптаның символдық өсімі 0,13 %-ға артты.

KASE Индексінің акциялары арасында "ЦентрКредит Банкі" және "Қазақтелекома" акциялары тиісінше 2,98 % және 4,18 % – ға айтарлықтай өсім көрсетті.

"KEGOC" АҚ жай акциялары бір апта ішінде бір акция үшін 0,64 %-ға 1 575,55 теңгеге дейін өсті. Алайда, кейбір инвесторлар өткізілген SPO шеңберінде 1482 теңгеден сатып алынған акцияларды сатқан жұма күнгі сауда-саттық нәтижелері бойынша бір акция үшін 4,8 %-ға 1500 теңгеге дейін төмендеді.

Айта кетейік, KEGOC SPO қорытындысы бойынша KASE сауда-саттық жүйесінде 18,7 млрд теңге немесе орналастырудың жалпы көлемінің 82,4 % тартты. KASE алаңында осы компанияның жай акцияларына жазылу барысында инвесторлардан жалпы сомасы 28,8 млрд теңгеге 37 445 өтінім түсті. KASE-де ұсынымға сұраным 127 % құрады. SPO нәтижелері бойынша KASE-де сұранымның жалпы көлемінің 64,9 %-ы, яғни 12 604 661 акцияны сатып алуға 37 444 өтінім қанағаттандырылды.

10 қарашада KASE алаңында KEGOC акцияларының сауда-саттығының ашылу салтанаты өтті, ол нақты уақыт тәртіптемесінде YouTube-тегі биржалық арнада көрсетілді. Салтанатты рәсімде KASE Басқармасының Төрайымы Алина Алдамберген, ҚНРДА Төрағасының орынбасары Мария Хаджиева, аға тәуелсіз директор, "KEGOC" АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Нұрлан Аханзарипов, "SkyBridge Invest" АҚ Басқармасының Төрайымы Шолпан Айнабаева құттықтау сөз сөйледі. Орналастыру бойынша статистиканы KASE Басқарма Төрағасының орынбасары Андрей Цалюк ұсынды.

Өткен аптада Қазатомөнеркәсіптің акциялары әлемдік нарықтардағы уран бағасының төмендеуіне байланысты бір акция үшін 2,6 %-ға 18 102,05 теңгеге дейін төмендеді. Акция эмитенті Шанхайдағы China International Import Expo 2023 көрмесінде China National Uranium Corporation Limited компаниясымен қазақстандық табиғи уран концентратын жеткізуге ұзақ мерзімді келісімшартқа қол қойды.

ҚазМұнайГаз акциялары бір апта ішінде Brent маркалы мұнай бағасын түзету аясында бір акция үшін 0,75 %-ға 11 355 теңгеге дейін өсті.

Өткен аптада Halyk Bank акцияларының бағамы іс жүзінде өзгерген жоқ, бір акция үшін 0,17 %-ға 149,9 теңгеге дейін ұлғайды. Банк 2023 жылдың 9 айы мен үшінші тоқсанындағы аудиттелмеген шоғырландырылған қаржылық нәтижелерді ресми түрде жариялау үшін топ-менеджментімен Zoom конференциясын 20 қарашада өткізетінін жариялады.

Өткен аптада KASE қарыз нарығында бірнеше орналастыру болды. "RG Brands Kazakhstan" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 29,8 %-бен облигацияларды орналастыра отырып, 9,3 млрд теңге тартты. "Ел Орда Арнау" ЖШС өтеуге кірістілігі жылдық 25 %-бен номиналды құны бойынша 1,5 млрд теңге сомасына облигациялар орналастырды.

МБҚ нарығында қаржы министрлігі жылдық 12,25 %-бен номиналды құны бойынша 20,7 млрд теңгеге орналастыру жүргізді.

KASE ақша нарығында TONIA бір күндік репосын тарту мөлшерлемесі базалық мөлшерлеменің төменгі дәлізінде саудалана отырып, жылдық 15,80 %-дан 15,76 %-ға дейін төмендеді. Бір күндік валюталық своп операцияларының АҚШ долларындағы кірістілігі базалық мөлшерлеме дәлізінен төмен саудалана отырып, жылдық 13,63 %-дан 12,45 %-ға дейін төмендеді.

## Инфляция және пайыздық мөлшерлеме




## ҚР ҰБ ноталарын орналастырудың негізгі параметрлері




## Тәуекелсіз қисық кірістілігі



Қазанның қорытындысы бойынша, теңге бағамы 1 АҚШ доллары үшін 469,64 теңгеге дейін 1,1%-ға нығайды. Қазақстан қор биржасындағы сауда-саттықтың орташа күндік көлемі бір айда 162 млн-нан 155 млн АҚШ долларына дейін төмендеді. Сауда-саттықтың жалпы көлемі 3,2 млрд АҚШ долларын құрады.

Қаражатты республикалық бюджетке жіберу үшін Ұлттық қордан трансферттерді қамтамасыз ету және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларын сатып алу үшін қазанда валюталық түсім 1512 млн АҚШ долларын құрады.

Қазан айында Ұлттық Банк БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін 30% деңгейінде ұстап тұру үшін биржалық сауда-саттықта шетел валютасын сатып алуды жалғастырды. Оның жалпы сомасы 132 млн АҚШ долларын немесе нарықтағы жалпы көлемнің шамамен 4%-ын құрады.

Ұлттық Банк қарашада Ұлттық қордан 1,3 млрд-тен 1,4 млрд АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатуды алдын ала жоспарлап отыр.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің валюталық үлесін ұстап тұру үшін қарашада 150-ден 200 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде, ал ҚДКК активтерінің валюталық үлесін арттыру үшін 50-ден 70 млн АҚШ долларына дейінгі мөлшерде валюта сатып алынуы күтіліп отыр.

**Шетел валюталарының бағамы динамикасы**

**Δ %, база (01.01.23)**




| | Бағасы | Δ 7к, % | Δ 30к, % | Δ 2023, % |
|---|---|---|---|---|
| GBPKZT | 571,59 | 0,61 | -1,66 | 3,43 |
| USDKZT | 467,90 | 0,59 | -1,92 | 1,17 |
| EURKZT | 499,48 | 0,88 | -1,03 | 1,58 |
| CNYKZT | 64,17 | 0,93 | -1,77 | -3,72 |
| RUBKZT | 5,08 | 1,40 | 5,82 | -20,84 |

*Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.*

**Brent мұнай құны**

**USD/баррель**



**Халықаралық индекстер**

| Атауы | Мәні | Тренд % 7к | 1а | 1ж | Фьючерс 7к |
|---|---|---|---|---|---|
| S&P 500 | 4 415,24 | 1,3 | 0,9 | 11,6 | 1,2 |
| Dow Jones | 34 283,10 | 0,7 | 1,4 | 1,7 | 0,6 |
| РТС | 1 107,44 | 1,3 | 10,2 | -3,7 | 1,4 |
| ММВБ | 2 285,53 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 1,4 |
| Hang Seng | 17 203,26 | -2,6 | -3,9 | 7,0 | -2,4 |
| SS CSI 300 | 3 586,49 | 0,1 | -2,2 | -2,7 | -0,2 |
| Euro Stoxx 50 | 4 197,36 | 0,5 | -0,1 | 9,1 | 0,4 |
| FTSEuroFirst | 4 754,50 | -0,1 | -1,9 | 5,6 | -0,1 |
| FTSE 100 | 7 360,55 | -0,8 | -3,4 | -0,2 | -0,6 |
| KASE | 4 060,56 | 0,1 | -0,3 | 32,9 | |

**Шикізат нарығы** 10.11.2023

| Атауы | Бағасы | Тренд % 7к | 1а | 1ж |
|---|---|---|---|---|
| Мұнай (Brent) | 81,43 | -4,1 | -5,1 | -13,1 |
| Мұнай (WTI) | 77,17 | -4,1 | -7,6 | -10,8 |
| Табиғи газ | 3,03 | -13,7 | -10,2 | -51,4 |
| Мыс | 358,70 | -2,6 | -0,7 | -4,6 |
| Темір | 960,00 | 0,5 | 6,9 | 43,4 |
| Алтын | 1 940,20 | -2,6 | 3,5 | 10,5 |
| Күміс | 22,28 | -4,3 | 0,7 | 2,7 |
| Астық | 575,25 | 0,5 | 3,5 | -28,4 |

| Экономикалық уақиғалар күнтізбесі | | Валюта | Болжам | Алдыңғы |
|---|---|---|---|---|
| 13.11 | Шикі мұнай қоры | USD | | 0,774M |
| 14.11 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қазан) | USD | 3,3% | 3,7% |
| 15.11 | ЖІӨ (тоқс/тоқс) (3 тоқс) | JPY | -0,1% | 1,2% |
| 15.11 | Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (қаз) | GBP | 4,8% | 6,7% |
| 15.11 | Өндірушілердің баға индексі (PPI) (а/а) (қазан) | USD | 0,1% | 0,5% |
| 15.11 | Бөлшек сауда көлемі (а/а) (қаз) | USD | -0,1% | 0,7% |
| 15.11 | ЖІӨ (тоқсандық) (ж/ж) (3 тоқс) | RUB | 4,8% | 4,9% |

*Анықтама: күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптадағы ең маңызды экономикалық уақиғаларды қамтиды*

**B – миллиард**
**M – миллион**
**K – мың**

| Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы | Мәні | Күні | Алдыңғы ай |
|---|---|---|---|
| Жылдық инфляция | 10,8% | 01.11.23 | 11,8% |
| ҚРҰБ жалпықлттық резервтер, млрд USD | 34,0 | 01.11.23 | 31,9 |
| Ақша базасы, млрд KZT | 9 620,6 | 01.11.23 | 8 843,5 |
| Ақша масса, млрд KZT | 35 566,8 | 01.11.23 | 34 975,3 |

| Қазақстанның несие рейтингі | Рейтинг | Күні | Алдыңғы |
|---|---|---|---|
| S&P Global | BBB-/A-3 әлсіз | 03.03.23 | BBB-/A-3 негативті |
| Moody's | Baa2/әлсіз | 27.10.23 | Baa3/позитивті |
| Fitch Ratings | BBB/әлсіз | 26.05.23 | BBB/әлсіз |

# БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

KASE


**"Қазақстан қор биржасы"АҚ**

**Мекен-жайы:** Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ "Almaty Towers"

**Тел.:** +7 (727) 237 53 00





**Корпоративтік веб-сайт**

**Бізбен байланысыңыз**

**Листингілік компаниялардың корпоративтік оқиғалар күнтізбесі**

Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі. KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл, дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді.
KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар.
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламған жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап.
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған.

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.


Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.

© "Қазақстан қор биржасы" АҚ 2023